


Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал
Республиканский научно-методический журнал

6. 2012

Мектептегі кітапхана



ШКОЛЬНАЯ БИБЛИОТЕКА



МЕКТЕПТЕГІ КІТАПХАНА ШКОЛЬНАЯ БИБЛИОТЕКА

Журнал 2002 жылдың қарашасынан бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады

Журнал издаётся с ноября 2002 года на казахском и русском языках

Кітап – білім бұлағы

**ҚАРАША - ЖЕЛТОҚСАН
НОЯБРЬ - ДЕКАБРЬ**

ҚҰРЫЛТАЙШЫ
ЖШС "Мұғалім-ЛТД"

Редактор
**М. САРСЕКОВА
Ү. ЖҰМАДИЛОВА**

Ақылдастар алқасы:

А.А.НАСЫРОВА – директор Республиканской научно-педагогической библиотеки Министерства образования и науки РК.
Г.АЛПЫСБАЕВА – Оңтүстік Қазақстан облыстық жасөспірімдер кітапханасы қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі.
С.РАЕВА – С.Бегалин атындағы Мемлекеттік республикалық балалар кітапханасының директоры.
Ж.ТӘЖИЕВА – Шымкент қалалық білім бөлімінің бастығы.

Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический педагогический журнал

МАЗМҰНЫ → СОДЕРЖАНИЕ

Кәсіби білім көтеру

Л.В. Тюрина. Кітапхананың жылдық жұмысын жоспарлау.....2
Р.Б. Сексенбаева. Библиографиялық-ақпараттандыру.....7

Тәуелсіздік – табысым

Н.О. Дәулетова. Тәуелсіздік – жемістері.....8

Ауызша журнал

А.Н. Ахметова. Казак поэзиясының Хантәңірі.....11

Бір ел – бір кітап

К.Құжабаева, Т. Қазтаева. Ж. Аймауытов. «Ақбілек» романы.....12

Әдеби кеш

✓ З. Қосуақова. Халық тәлімі – тәрбие бастауы.....14

А. Құлбабаева. Бір өзі бір театр – Манап ақын.....16

Б.А. Молдабекова. Табынарым да, тағдырым да – ән.....18

С.К. Беркинбаева. Ең үздік оқырман.....19

Кітаппен кеңес – білімдімен теңес

З.З. Хайрова. Кітапхана – рухани қазына.....21

Т.А. Сейдинова. Кітап – тарих, шежіре.....22

Д. Жапаева, Д. Жұбатова. Кітап мәртебесін биіктетейік.....25

Н. Төленова. Кітап – рухани мәдениеттің ошағы.....26

Рухани қазына

Э.А. Жұбапарарова. Тегін білген текті елдің ұрпағымын.....27

Сайыс сабақ

Г.М. Шакибаева. Арулар Ұлы Отан соғысы майданында.....28

К.Е. Сапарғалиева. Қыз – өмірдің қызғалдағы.....30

Атамекен

А. Көшетова. Шежірем бартаусылмайтын сан қырлы.....31

1-декабрь – День Первого Президента

Л.Б. Емельянова. Биография Лидера – история страны.....32

Библиотека XXI века

Г.С. Табенова. IV международный форум медиаспециалистов «Диалог в электронном формате».....34

О. Меньшикова. Профессионализм – путь к успеху.....36

Праздник книги

Р.К. Алимходжаева. Путешествие в книжное царство мудрое государство.....38

Н.М. Владимирова. Книжный карнавал.....39

Н.С. Шихова. Праздник Букваря.....43

Д.Ж. Алпамышева. Дорогою добра.....45

О.С. Вичкуткина. 100 дней в школе.....47

Рождение весны

Н.И. Головина. Наурыз мейрамы.....49

Наш родной край

З.К. Бедельбаева. Мы живем с тобой у моря под названием Балхаш.....51

“Мектептегі кітапхана” – “Школьная библиотека” журналы Қазақстан Республикасының байланыс және ақпарат министрлігінде 21.12.2010 ж. Астана қаласында тіркеліп, №11280-Ж куәлігі берілеп. Басуға 20.12.2012 қол қойылды. Пішімі 84x108 1/16 Шартты б.т. 2,5. Авторлық б.т. 2,5

Редакцияның мекен-жайы: 050002, Алматы, Мақатаев, 47 тел/факс: 8(727) 397-62-00. Электрондық пошта: M-LTD@mail.ru

ИП «Рыскулова» басмалы Самал 3, дом3/4. “Мектептегі кітапхана” – “Школьная библиотека” №6 (64) 2012 ж.

Жарияланған материалдар редакцияның көз-қарасын білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты, қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды. Материалдар ақысыз басылды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотографии не рецензируются и не возвращаются. Переписка с читателями редакции не ведётся. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале, допускается только с согласия редакции.

Редакция қызметкерлері:
С. МЫРЗАҒАЛИЕВА, Э. КАЛАУОВА,
Р. ЕГІЗБАЕВА, М. ҚОҒЫРБЕКОВ,
Ә. НҮРМЕЙСОВА, А. БЕКБЕРГЕНОВА,
А. ИСКАКОВА, Э. БАЙТАНАЕВ



ХАЛЫҚ ТӘЛІМІ – ТӘРБИЕ БАСТАУЫ

З. Қ. ҚОСУАҚОВА,

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасындағы
ғылыми-әдістемелік бөлімшесінің басшысы

Әдеби кешті жүргізудегі мақсат – батырлық пен кісілікті барлық тірлігінің таяныш тірегіндей көріп сезінген ата-бабаларымыздың тағылымы мол халық педагогикасын бүгінгі ұрпаққа жеткізе отырып, сол ұлттық қазынадан үлгі алуына көмектесу, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан этнопедагогика негізінде ұлттық рухани баюына, іскерлікке, қайырымдылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

Кеш төрт бөлімнен тұрады.

I бөлім. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер».

Жүргізуші: Ата-бабаларымыз жерін жаудан қорғаған батыр ғана емес, тамаша сәулетші, мүсінші, зергер, ұста болған. Қазақ ежелден өнерге бай халық. Өнер шеберлерін «Он саусағынан өнері тамған» деп құрметтеген. «Өнер – мәдениеттің айнасы» дейді халқымыз. Өнер «екінші әлем» жасайтын адамның күдіреті, суреткер қолынан шыққан шығармашылық үлгісі.

«Бұрынғының парқын білгендер, бүгінгінің парқын ұғады» – деген болатын жазушы

Ғ. Мүсірепов. *Елдің бүгінгісін кешегі тарихымен астасып жатады, елдің өткенінен хабары жоқ жанның болашаққа берері де шамалы деп түсінген абзал, өйткені халқымыздың тарихи тағлымы өз дәстүрі мен өнегесін санаға сіңіреді, әдепті де, өнегелі жанды қалыптастырады.*

– Балалар, өнердің жекелеген түрлерімен олардың бір-бірінен қандай айырмашылықтары бар екендігін ажыратып, қалай көрсете аласыңдар?

1-оқушы: Сәулет өнері немесе архитектура (гректің «архитектон» – құрылысшы деген сөзінен шыққан) ол өзі дүниеге келген уақыттың дәстүрін, мәдениетін, эстетикалық мұрат талғамын танытады. Архитектура – адамның рухани және материалдық қажеттіліктерін өтейтін ғимараттар құрылысы.

Мүсіндеу өнері немесе скульптура. Бұл атау латынның «скальте» – «кесілген», «сомдалған» деген сөзінен шыққан. Скульптура көбінесе адам денесін сомдаудан тұрады. Мүсіндеу өнерінің өзі: бас мүсін, портреттік бюст, статуя, торс секілді түрлерге бөлінеді. Оны жасайтын материалдардың ең көнесі – топырақ, саз, бұларды «керамика» деп атайды. Бұлардан басқа гипс, мыс, мрамор, гранит сияқты әр түрлі материалдар қолданылады. Бейнелеу өнерін – көркем құрал-тәсілдер арқылы және түрлі материалдарда (қағаз, кенеп) жасалған бейнелерді көзбен көру арқылы түйсініп, қабылдаймыз. Бұл түрге – кескіндеме (живопись), сызық түрлері (графика), көркем фото т.б. жатады.

2-оқушы: Саз немесе музыка өнері – адамға дыбыстық құрылғылар арқылы әсер ететін өнер түрі. Мазмұн, ырғақ,

әуеннің сабақтасуы арқылы музыка туады. Музыка өнерінің негізі – сезім мен көңіл-күйден тұрады.

Көркем әдебиет – көркем сөз арқылы әлемді сұлулықпен игеру. Әдебиет проза және поэзия болып бөлінеді.

II бөлім. Колөнер.

3-оқушы: Қазақ дәстүрлі мәдениетінің негізгі тірегінің бірі – көркемөнер болса, оның бір саласы – колөнер. Ежелгі тас дәуірінен бастау алып, уақыт өте келе толығымен түскен колөнер саласы бүгінде материалдық және рухани байытылған өнер саласы деңгейінде. Тұрмысымыздың барлық саласында, мал шаруашылығына байланысты: шылбыр, ноқта, құрық, бұғалық, шідер, кісен, қамшы, қада, ер-тұрман, т.б., батырлық аңшылық кәсібінде қажетті жебе мен садақ, сойыл, шоқпар, айбалта мен найза т.б., сонымен бірге зергерлік бұйымдар жасау өнері – білезік, сақина, сырға, алқа, шолпы т.б. кеңінен дамыған.

Осы колөнердің барлық саласына ерекше әсемдік пен терең мән беріп тұрған ою-өрнек өнері. Бейнелеу өнерінің бір түрі. Қазақ халқының кез келген бұйымында үйлесім тапқан ою-өрнек қазақ халқының мәдени шежіресі. Ою-өрнекті алғаш зерттеген қазақ ғалымы Т. Бөсенев ел арасынан жиналған колөнер туындыларын альбом етіп шығарды. Соның бірі Көкбайрағымызда көрініс тапқан.

Қойдың, ешкінің, түйенің жүнінен сырмақ сыру, киіз басудан басқа да киім кешек дайындаған. Бұл киімдер әрі жұмсақ, әрі жеңіл, әрі жылы болғаны даусыз.

4-оқушы: Қолөнер бұйымдарына қолданған екінші бір шикізат түрі – ағаш. Қазақтың киіз үйінің сүйегі ағаш. Ағаштан жасалған колөнер бұйымдары: кебеже, сандық, жуықпақ, ағаш төсек, т.б. Ағаш шеберлері бұйымды жасаудан бұрын оларды іріктеп алады, мысалы: салмағы жеңіл, жонуға көңгіш болған соң қайыңды ерлі, күйменің төс ағашын, сақылдақ әрі берік келетін мойылдан ірі ағашын, су сіңірмейтін, суға ісінбейтін ағаштан науа мен астау жасаған. Ағаштар қасиеттеріне қарай мықты, қатты, иілгіш, бояу сіңгіш, желім ұстағыш болып бөлінеді. Ою-өрнек пен бояу түрлерін белгілі бір үндестікте қолдана білу арқылы жасалған бұйымдар ерекше ұлттық мәнге ие болып отырған.

Жүргізуші: Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі салт-дәстүрлері, өнер туындылары өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Ата-баба мұрасын терең зерттеп, астарына неғұрлым терең үңілген сайын өзіміз өмір сүрген қоршаған орта, атамекеніміз туралы түсінігіміз тереңдей түсіп, эстетикалық талғамымыз кеңейіп, адами қасиеттеріміз арта түседі.

III бөлім. Қамшы сыйлау – құрмет белгісі.

Жүргізуші: Халық тұрмыс тіршілігінде бұйымдар мен мүліктерді тұтынып қана қоймай, оларды адамдар арасындағы қарым-қатынас, ұғынысу, көңіл күй мәнерлеріне, тағы да басқа түрлі мақсатқа пайдалана білген. Бұйымдар мен мүліктердің пайдалануына орай ырым, тыйым, жол-жоралғы, тарту-таралғы т.б. ұғымдар өмірге келген.



Халық арасында көп тараған тұтыну заты камшының танымдық мәні зор. Камшы халық ұғымында қасиетті ер қаруы, киелі бұйым. Камшы ілулі тұрған үйге енген адам сыпайылық сақтап, әдебімен кетеді. Өйткені, оны камшының мысы басады. Жөн-жосық білетін адам керегеді ілулі тұрған камшының санына карап, ол үйдің қанша баласы бар екенін, оның нешеуі ұл, нешеуі қыз екенін айтқызбай болжап білген. Қымбат тастардан көз салған қыздардың камшысы деп есептелген. Оны қыз қыркынан шығысымен жасаған. Ол бойжетіп, келін болып ұзатылып барғанда қайын атасы «келіннің несі бар екен?» деп сұрағанда, енесі бүкіл жасауының ішінен «міне, келіннің мынадай камшысы бар» деп тек камшыны көрсетеді екен. Сол камшыдан құдасының бұрыннан бар, бай болған ба немесе дүниені кейін жиған ба, зерделеп біледі екен.

Ер-азаматтар «Камшымы әкел!» деп әйеліне сес көрсете, немесе әзіл ретінде жөн сілтеп отырған. Ер адамдар бір-біріне қатты ашуланғанда немесе қарымта қайтару қажет болғанда камшы көтерген.

Ел ішіндегі дау-жанжал, ақылдасу сәттерінде ер адам бір тізерлей отырып, камшыны екі бүктеп жерге қадаса, бұл бітімге келушілік белгісі, ал камшыны осы қалыпта жоғары көтерсе, сөз сұрағаны екен.

Халықта «камшының сабындай қысқа ғұмыр» деген сөз тіркесінің танымдық түйіні былай болып келеді: қалыпты камшы сабы алты тұтам болатын болған, ал адамның орта ғұмырын осы өлшемге сай алған, яғни алты мүшел жас.

Қазақ жиған-терген дүние мүлкін ретімен үлестіріп те, жолымен өзіне жинап та алатын дархан да, жомарт халық. «Береген қолым алаған» деген сөз тіркесі осыдан қалған болуы керек. «Біреудің малы біреуге мал болмайды, әркімнің өз маңдайына берсін» дегенді де айтып өткен халқымыздың тұрмыс-тіршілігіндегі бұл ерекшелік халықтың даракылығы емес, керісінше адамдар арасындағы сыйластық, туыскандық дәнекері, ал кейде адамға деген ілтипат пен ықыластан туындап отырады.

Сый тарту негізінде екі мәнде: бірі — елеулі күндер мен жайларға, екіншісі — жол-жоралғы мен кәделерге байланысты ұсынылады.

5-оқушы: Камшы сыйлау — үлкен құрметтің белгісі екендігін мына дәстүрлерден де байқауға болады. Елу жасқа дейінгілерге тобылғы сапты, одан әрі асқанда «ел ағасы болдың» деп тұяқ сапты камшы сыйлайды. Емшінің камшысын сыйламаған, тек арнайы келіп бата беріп, қалап алатын болған. Мұра ретінде қалдыратын камшыны ешкімге бермейтін тәртіп сақталған.

Халықта ұл мен қыздың отбасындағы орнына қарай енші атау, енші беру деген ұғым бар. Дүниеге ұл келгенде атасы немересіне жылқы, түйе, сиыр малының төлін атайды. Ұлдары отау тігіп бөлек шыққанда еншісін береді. Жиен нағашысына келгенде өзі қалаған төліне ен салдырған. Ал қыз балаға енші атамаған. Есесіне жасау көшіне төлдейтін мал байлайды, мұны «сауын малы» деп атаған. Қыз бала өз от басынан нені алуды қаласа да

қолын қақпаған. Осыдан-ақ халқымыздың қыз баланы қаншалықты құрметтегендігін байқаймыз.

6-оқушы: Күнделікті тұрмыс тіршіліктегі базарлық үлестіру, байғазы беру, көрімдік беру, сыбаға сақтау, сәлемдеме жолдау, қалау, сүйінші алу т.б. ұғымдарында қаншама сыйластық, пейілдістік, ілтипаттық жатыр. Дана халқымыздың «Көңіл көңілден су ішеді» деп астарлай түйген философиялық ой-өресінің кендігі мен биіктігіне қалай танданбассың.

Максат — батырлық пен кісілікті барлық тірлігінің таяныш тірегідей көріп, сезінген ата-бабаларымыздың тағалымы мол халық педагогикасын бүгінгі ұрпаққа жеткізе отырып, сол ұлттық қазынадан үлгі алуына көмектесу, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан этнопедагогика негізінде ұлттық рухани баюына, қайырымдылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

IV бөлім. Қазақтың ұлттық ойындары.

Кеш барысында қатысушы оқырмандарға «Қазақтың ұлттық ойындары және олардың мәні» туралы төмендегідей сұрақтар таратылып беріліп, олар әрбір бөлімдер аралығында бес-бестен жауабын айтады, белсенді қатысып, нақты жауап қайтарған оқырмандар марапатталуы керек.

«**Аударыспақ**» — атқа мінген екі жігіт жекпе-жекке шығып бірін бірі аударып тастауға тырысады. Ойын ережесі бойынша сайысқа қатысушылар салмақтарына қарай үш топқа бөлініп күш сынасады.

«**Алтын қабақ**» — жаяу немесе ат үстінен сырық басындағы теңгені атып түсіру, лақтырылған қалпақты, басқа да заттарды атып түсіру. Мергендер сайысының тағы бір түрі — жамбы ату, садақ тарту.

«**Теңге алу**» — жерде жатқан теңгені атпен шауып келе жатып іліп алу, үлкен ептілікті ат құлағында ойнайтын шабандоздықты білдіреді.

«**Қыз қуу**» — қазақ халқының өте көне ойындарының бірі. Жарыс қыз бен жігіт арасында кезектесе өтеді: қыз жігітті қуып жетсе камшымен ұрып немесе жігіт қызды қуып жетсе бетінен сүюі түрінде өтеді.

«**Көкпар**» — жаппай тартыс немесе дода тартыс болып екіге бөлінеді. 1949 жылы елімізде көкпар жарысының жаңа ережесі бекітілген.

«**Құрбегілік**» — бүркітшілердің аңдарға құс салуы түрінде өтеді. Қазақстандағы ұлттық спорт ойындары тізіміне енгеніне он жыл толған, содан бері жыл сайын бүркітшілер жарысы өткізіліп келеді.

«**Тоғызқұмалақ**» — оның шығу тарихы төрт мың жылдық кезенді қамтиды және қазақ даласында ең кең тараған ойын түрі.

«**Бәйге**» — ең тартымдысы асыл тұқымды аттардың қатыстырылуымен өтетін Аламан бәйгесі.

«**Қазақ күресі**» — тізеден төмен күреспейді, жерге жығылған балуанды одан әрі таптамайтындығы да қазақ күресінің тектілігін байқатады. Қазақ топырағында балуандық өнердің көне тарихы бар.

«**Асық**» — балаларды мергендікке, шапшандыққа, ептілікке



тәрбиелейді, жігіттің «сегіз қырлы, бір сырлы» болуына әсері мол. Ойынның «төрт асық», «асық ату», «канталапай», «атпакыл», «омпы» тағы басқа көптеген түрлері бар.

«Арқан тарту» — ұлттық ойындардың ішінде спорт ойынына ең бір жақыны. Ол жастардың дене шынықтырумен қатар, бір-бірімен күш сынасып, жеңіске жетулеріне мүмкіндік береді.

Жүргізуші: «Халқын сүйген, салтын да сүйеді» деген мақал бар. Ата-бабамыздың ұлттық ерлік үлгісімен қатар, ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан тағылымдық мәні зор әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін өз өмір жолдарында үлгі өнеге тұтып, кастерлеп, кадрлей білу, «дұрыс канаттанған тұзу ұшар» дегендей өркениетті елдердің өрге тартқан көшінде халқымыздың мерейін көтерер, нағыз отанын сүйетін ұл-қызы болу әрқайсымыздың перзенттік парызымыз.

Әдебиеттер:

1. Шаңырақ: Үй-тұрмыс энциклопедиясы. — Алматы: Рауан, 1990. — 568 б.
2. Жармұхамедов М. Көненің көзі: Оқу құралы. — Алматы: Санат, 1996. — 144 б.
3. Күдерина А. Салт-дәстүрдің тәрбиелік мәні (Қытапта: қазақтың дәстүрлі мәдениеті). — Алматы: Зият-Прес, 2004. — 152-158 беттер
4. Қамбарұлы Р., Бопайұлы Б. Қазақ ырымдары. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. — 160 б.
5. Қыдырбекұлы Б. Түгел сөздің түбі бір. — Алматы: Қазақ университеті, 1993. — 175 б.
6. Қутты болсын тойларың!: Той кітабы (Құраст.: Б. Сапаралы, Ж. Дәуренбеков) — Алматы: Онер, 1993. — 732 б.
7. Айтбекова М.Ұ. Мектептегі ұлттық тәрбие жұмысын жүзеге асыру жолдары. Білім беру жүйесіндегі этнопедогогика, № 1, 2007, 41-42 б.

Алматы қаласы

БІР ӨЗІ БІР ТЕАТР – МАНАП АҚЫН

А. ҚҰЛБАБАЕВА,

№239 орта мектептің мұғалімі

Сабақтың мақсаты: оқушыларға М. Көкенов шығармашылығы мен өмірінен мағлұмат беру, өлеңдерін, жырларын халық арасына насихаттау, жастарды өнеге-өсиеттілікке, кадір-қасиеттілікке, имандылыққа, Отансүйгіштікке баулып, жастарды жарқын болашаққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: ақын портреті, фотосуреттер және кітап — журналдармен көркемделген көрме, слайд көрсетілімдері.

Музыка ойналып тұрады. Слайд көрсетіледі. (М. Көкенов суреті және кештің тақырыбы — «Бір өзі бір театр — Манап ақын»)

1-жүргізуші: *Ақ шапты, ақ пейілді Манап ата,*

Толыссыз биыл міне, 84 жасқа.

Тойыңыз мерейлі құтты болсын,

Иманыңыз атажан нұрға толсын.

2-жүргізуші: *Ақын ата ақылды ақ парағы,*

Жанымызда есімің жатталады.

Өнердің дарабозы, пырағы едің,

Қыдыр болып көрінген шырағы едің,

Бата берер шын көңілден қасиетім,

Жалғасады өнерің мұраңменен.

1-жүргізуші: Ақиық ақын Әбділда Тәжібаев айтқандай, «Манаптың бір өзі — бір театр» атанған Қазақстанның халық ақыны, ел ардақтысы М. Көкеновтың шығармашылығына арналған кешке кош келдіңіздер!

2-жүргізуші: Бір жаңа танысы Манаптың мекен-жайын сұрағанда, қашанда сөзден іркілмейтін ол: «Станция Талап, ақын Манап десең жаңылыспайсың» деп әзілдеген екен. Сол өзі айтпақшы, Манап Көкенов 1928 жылы Жаңа-қорған ауданының Талап ауылында туылып, сонда тұрды. Сол жерде 1992 жылы өмірден өтті. Ол ауыл қазір Манаптың атымен аталады.

1-жүргізуші: Бір ерекшелігі Манап туылғаннан қасы, кірпігі өзі сап-сары болып дүние есігін ашады. Құданың құдіреті, ал әкесі мен шешесінің, үлкен аталарында мұн-

дай өзгешілік болмаған көрінеді. Манаптың балалары да кара торының шырайлысы болып арамызда жүр. Олар бір демалысында Мәскеу асып, Ленинградқа барып, біраз қыдырыстап келсе керек. Елге оралған соң:

— Эрмитажға бардым, — дейтін көрінеді.

— Не көрдіңіз? — дегендерге: Мен Эрмитажды тамашаладым, ондағы жұрт мені «Хохол» деп күлдіреді екен.

«Мен қалай Қыдыр болдым?». Көрініс көрсетіледі.

2-жүргізуші: Қазақстанның халық ақыны Манап Көкеновтың әдеби мұрасы да қазақ әдебиеті тарихындағы желісі үзілмеген дәстүрлі ақындық поэзия арнасында бағаланады. Оның ақындығын құрайтын басты ерекшеліктері — ауызша суырыпсалма (импровизация) өнері мен ұлттық, отаншылық сарындағы жетекші ықпалмен айқындалатын жыраулар поэзиясының жолын жалғастырғаны, классикалық әдебиет дәстүрімен де жазбаша шығармалар жазғаны.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне қуанған ақынның «Мен осындай азаматпын» өлеңіндегі лирикалық қаһарманның ойы арқылы қазіргі жаңа әлемдегі қазақ азаматының көзқарасы романтикалық-реалистік болмысымен дәйектелген.

1-жүргізуші: *Адаммын — қар жамылып мұз төсенген,*

Аман қалған мың қайғы, жүз кеселден.

Үйренген ащы-туңғы өмір заңын

Табылам қиынынан іздесең мен.

Адаммын — қайғы мен зар суын жұтқан,

Қайсармын қаймықпаған қиындықтан.

Бұл күнде теңдік алып бақыт тауып,

Өмірдің жаңаша күй, сырын ұққам.

Ақынның «Жаса мәңгі қазағым», «Ана тілім ардағым», «Отаным менің мақтаным», «Домбыра», «Жер ана» өлеңдері тыңдалады.

2-жүргізуші: Манап Көкенов — қазақ әдебиетіндегі ХХ ғасырдың екінші жартысындағы айтыс өнерін жанаша түлете дамытқан ақын. Манаптың айтыс алаңына шығуына септігін тигізіп, батасын берген Сыр сүлейлерінің бірі — Нартай Бекежанов.